бесінші абзац "(есту, сөйлеу, көру қабілетін жоғалту бойынша мүгедектер жұмыс істейтін өндірістік ұйымдар үшін 35 проценттен кем емес)" деген сөздермен толықтырылсын; сегізінші абзац алынып тасталсын; "14-қосымша. Салық салудан босатылған және (немесе) әртүрлі ставкалар бойынша салық салынатын кірістер бойынша табыс салығының есебі" бөлімінде: жетінші абзацтағы "Г" әрпі және ", 20%" саны алынып тасталсын; он алтыншы абзацтағы "Г" әрпі алынып тасталсын; жиырма сегізінші абзацтағы "Г және" және "26" саны алынып тасталсын; "14-1-Қосымша. I-бөлім. Жүргізілген төлемдер және салықты есептеу бойынша есеп" бөлімінде алтыншы абзац алынып тасталсын; "15А Қосымшасы. Декларация бойынша кіріспен қаржылық есеп бойынша кірісті (шығысты) салыстыра тексеру" бөлімінің соңғы абзацы алынып тасталсын. 23. N 33 Нұсқаулыққа 2-қосымшасында: 1) 6-тармақтың 2), 9), 10) тармақшалары алынып тасталсын; 2) 2-бөлім мынадай редакцияда жазылсын: "2. 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша амортизациялық қосымша топтардың құн баланстарын қалыптастыру тәртібі

10. 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша негізгі құралдардың қосымша топтарының құн баланстарын қалыптастыру үшін 2000 жылғы 1 қаңтарда енгізілген амортизациялық қосымша топтардағы ерте қолданысқа енген амортизациялық топтарға негізгі құралдарды аударуды салық төлеуші жүргізуі қажет.

1999 жылғы декларацияның 13-қосымшада көрсетілген материалдық емес активтер бойынша топтың құн балансының көлемі көшіріледі және 2000 жылдың 1 қаңтарындағы 9-топтың 2-қосымша тобы құн баласының көлемі болып табылады.

Негізгі құралдарды аудару салық төлеушінің таңдауы бойынша ықшамдалған және бөлек тәсілмен жүргізіледі.

10-1. Ықшамдалған әдіс:

1) (тұратын үйлерден, ғимараттардан және құрылыстардан басқа) 1999 жылғы декларацияның 9-қосымшасында көрсетілген топтың баланстық құнына салық салу мақсатында ескерілген бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын барлық негізгі құралдардың 2000 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қалдық құны бойынша айқындау;

2) осы қосымшаның 3-бөлімінің 18-тармағында келтірілген қосымша топтар бойынша аталған негізгі құралдарды бөлу және осы бухгалтерлік есеп бойынша әрбір қосымша топтар бөлігіндегі негізгі құралдардың қалдық құнын айқындау.

Бұл ретте, барлық қосымша топтардың қалдық құны 1)-тармақшада айқындалған барлық негізгі құралдардың қалдық құнына тең болуы керек;

3) барлық негізгі құралдардың қалдық құнына қосымша топ негізгі құралдардың қалдық құнының үлес салмағын айқындау: 2)-тармақша бойынша айқындалған негізгі құралдардың қалдық құнын 1)-тармақшаға сәйкес айқындалған негізгі құралдардың жалпы қалдық құнына бөлу;

4) 1999 жылғы декларацияның 9-қосымшасының мәліметтері бойынша 7-топтан (тұрғын үйлер, ғимараттар және құрылыстар) басқа, топтың құн балансының жалпы көлемін айқындау: декларацияның 9-қосымшасындағы М бағаны бойындағы 1-ден 6-ға дейінгі жолдардағы сома;

5) 2000 жылдың 1 қаңтарындағы күйі бойынша әрбір қосымша топтың құн балансының көлемін 4-тармақшаға сәйкес айқындалған (тұрғын үйлерден, ғимараттардан және құрылыстардың басқа) топтың құн балансының жалпы көлеміне 3-тармақшаға сәйкес айқындалған топтың үлес салмағына оларды көбейту жолымен айқындау;

б) "тұрғын үйлер, ғимараттар, құрылыстар" 7-тобы бойынша 1999 жылғы декларацияның 9-қосымшасындағы деректер негізінде 2000 жылғы 1 қаңтардағы I қосымша топ пен II топтардың құн балансын қалыптастыру қажет.

Мысал. 1) тұрғын үйлер, ғимараттар және құрылыстарды есептемегенде, барлық негізгі құралдардың қалдық құны 2000 жылдың 1 қаңтарындағы күйі бойынша заңды тұлғаның бухгалтерлік есеп деректері бойынша 3 370,0 мың теңге, ал декларацияның 9-қосымшасындағы мәліметтер бойынша "тұрғын үйлер, ғимараттар, құрылыстар" 7-тобынан басқа топтардың құн балансының көлемі - 2 800,0 мың теңге құрады. 2) Аталған негізгі құралдар осы қосымшаның 3-бөлімінің 18-тармағында келтірілген қосымша топтар бойынша таратуға жатады: 5-қосымша тобы (ұялы байланыс жабдықтары) 7-қосымша тобы (автомобильдер) 8-қосымша тобы (компьютерлер) 9-қосымша тобы (офис жиһазы). 3) Бухгалтерлік есеп деректері бойынша әрбір қосымша топтың бөліктегі негізгі құралдардың қалдық құнын айқындау қажет: 5-қосымша тобы - 1 710,0 мың теңге, 7-қосымша тобы - 780,0 мың теңге, 8-қосымша тобы - 483,0 мың теңге, 9-қосымша тобы - 397,0 мың теңге. 4) Негізгі құралдардың жалпы құнында әрбір қосымша топтың үлес салмағы: 5-қосымша тобы - 50,74 % 7-қосымша тобы - 23,15 % 8-қосымша тобы - 14,33 % 9-қосымша тобы - 11,78 % 5) Әрбір қосымша топтың 2000 жылдың 1 қаңтарына жаңа құн балансының есеп айырысуы декларацияның 9-қосымшасында айқындалған және 1)-тармақшада көрсетілген барлық топтың баланстық құнының көлеміне 4)-тармақшаға сәйкес айқындалған үлес салмағын қолдану жолымен жүргізіледі: 5-қосымша тобы - 2 800,0 мың теңге \times 50,74 % = 1 420,7 мың теңге 7-қосымша тобы - 2 800,0 мың теңге \times 23,15 % = 648,2 мың теңге 8-қосымша тобы - 2 800,0 мың теңге \times 14,33 % = 401,2 мың

теңге 9-қосымша тобы - 2 800,0 мың теңге x 11,78 % = 329,9 мың теңге
Жиынтығы: 2 800,0 мың теңге б) "Тұрғын үй, құрылыс" және "Ғимарат" тобы
қосымша топтарының құндық балансын айқындау үшін 7-топ бойынша
декларацияның 9-қосымшасы М бағанында көрсетілген сомаларды осы
қосымшаның 3-бөлімі 8-тармағында келтірілген I-II-топтың қосымша топтарына
бөлу қажет. 7-топ бойынша есепте болған 1999 жылғы декларацияның 9-
қосымшасындағы мәліметтер қайта қалыптастырылған қосымша топқа
көшіріледі: 1-қосымша топ (ғимарат, гараж) - 1 700,0 мың теңге 2-қосымша топ (жылыжай) - 450,0 мың теңге. 10-2. Бөлек әдіс:

Аталған әдіс жеке-жеке әрбір негізгі құралдың қосымша топтардың қалдық құнын анықтау үшін қолданылады. Бұл ретте, салық төлеуші әрбір жылға бөлек негізгі құралдардың қалдық құнына есеп айырысу жүргізуге құқылы.

Негізгі құралдар қосымша топтарының құн балансын 2000 жылдың 1 қаңтарындағы күйі бойынша қалыптастыру есебін салық төлеуші өз бетімен құрады және қосымша топтардың жоғарыда аталған құн балансын есептеу және айқындау тәртібі бойынша деректердің барлық қажетті және толық көлемі болуы керек. Есеп айырысуды салық төлеуші 2000 жылғы декларациямен бірге салық органына беруі керек. Есеп айырысу салық төлеушіде талап арызының ескіру мерзімі ішінде сақталуы тиіс.

3) 15-тармақтың бесінші абзацындағы ", салық жылының басына жүргізілген, сондай-ақ осы бөлімнің 17-20-тармақтарына сәйкес айқындалған бағалауға дейінгі сома" деген сөздер алынып тасталсын;

4) 16-тармақтың 2)тармақшасындағы "осы қосымшаның II-бөлімінде келтірілген формулаға сәйкес айқындалатын қалдық құны" деген сөздер " баланстық құн" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 17 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) оларды толық тоқтату жағдайы кезінде, консервацияға, реконструкцияға және техникалық жарактандыруға негізгі қаражаттардың объектілерін беру кезінде - баланстық құн бойынша;" ;

мына мазмұндағы 3)тармақшасымен толықтырылсын:

"3) кесімді активтерді сақтандыру жағдайында, есептен шығару, жоғалту, жою, бүлдіру, жоғалту кезінде сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру ұйымы сақтандырушыға төленетін сақтандыру төлемдерінің сомасын ескере отырып айқындалған құн бойынша. Егер сақтандыру шартына сәйкес тиісті сақтандыру төлемдері кесімді активтер бөлігіне жатса, онда есептен шығарылған кесімді актив құны кесімді активтің сақтандырылмаған бөлігіне жататын баланстық құн мен сақтандыру төлемдерінің сомасы ретінде айқындалады.

Кесімді активтердің есептен шығару, жоғалту, жою, бүлдіру, жоғалудың өзге

жағдайларында - баланстық құн бойынша.";

б) 19-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Үш жылдық кезең аяқталуына дейін оларды сату жағдайында жүргізілген шегерім сомасы жиынтық жылдық кірістің ұлғаюына жатады.";

7) 20 және 21-тармақтар алынып тасталсын;

8) 25 - тармақта:

екінші абзацтағы "қаржылық активтер" және "лизинг (лизинг бойынша)" деген сөздер тиісінше "негізгі қаражаттар" және "қаржылық лизинг (қаржылық лизинг бойынша)" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "лизингке берілген кесімді активтер" деген сөздер "қаржылық лизингке берілген негізгі қаражаттар" деген сөздермен ауыстырылсын

; 9) 27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "27. Негізгі қаражаттарды бағалауға дейінгі сомаға 15 проценттік ставка бойынша табыс салығы салынады.

Табыс салығын төлеу бағалауға дейінгі жүргізу айынан кейінгі ай ішінде жүргізіледі.";

10) 28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "28. Бағалауға дейінгі нәтижесінде есептелген амортизациялық аударымдарға шегерімдерге жатқызудан есепті кезең ішіндегі салық төлеуші алған шығыстар салық салу мақсатында есептелмейді.";

11) 31-тармақ "Кредит (заем) үшін сыйақы (мүдде)" деген сөздерден кейін "оның ішінде қаржылық лизинг түрінде" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 32-тармақ алынып тасталсын. 24. N 33 Нұсқаулыққа 5В-Қосымшасы мынадай редакцияда жазылсын: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 28 маусымдағы N 33 Нұсқаулығына 5В-қосымша СТН _____

бойынша Салық комитеті (қаласы, ауданы) Мекен-жайы _____

Телефон _____ (беру мерзімі) Банк,

банк шоттары _____ (нақты берілді) Негізгі құралдарды қосымша бағалаудан алынатын табыс салығының есебі _____

_____ Көрсеткіштер Жол N Сом, мың теңге _____

1. Бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша негізгі құралдардың баланстық (қалдық) құны 1) қайта бағалау жүргізілгенге дейін 1 2) қайта бағалау жүргізілгеннен кейін 2 3) қайта бағалау сомасы, барлығы 3 2.

Салықтық есеп мәліметтері бойынша негізгі құралдардың қалдық құны: 1) қайта бағалау жүргізілгенге дейін 4 2) қайта бағалау жүргізілгеннен кейін 5 3. Қоса бағалау сомасы - барлығы (5-жол - 4-жол) 6 4. Төлеуге жататын негізгі құралдарды қайта бағалаудан 7 табыс салығының сомасы (6-жол x 15%) 5.

Төленді 8 6. Қосымша төленуге тиіс 9 _____

_____ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ЗАҢ

АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ САЛЫҚ ОРГАНЫ Біз осы есепте

көрсетілген деректердің шындығы мен толықтығы үшін Заң алдында жауап береміз Есепті қабылдаған Басшы _____ тұлға _____ (аты-жөні) (қолы) (аты-жөні) Бас бухгалтер _____ 20__ жылдың "___" _____ (аты-жөні) (қолы) МО 20__ жылдың "___" _____ Декларацияны құру бойынша қызмет көрсеткен аудитор _____ (аты-жөні, СТН) _____ (қолы, мөр) 25. N 33 Нұсқаулыққа 6-қосымшаның 1-тармағында жетінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: 1) "Бұл ретте, жеке балансы мен банк шоты жоқ өзге де құрылымдық бөлімшелер үшін заңды тұлғалар төлеуге тиіс салық сомасының есебі әрбір облыс немесе Астана, Алматы қалалары бойынша жеке айқындалады."; 2) сегізінші абзацта: "Есеп" сөзі "Есептер" сөзімен ауыстырылсын; "ұсынылуы тиіс" деген сөздер "ұсынылуы тиіс" деген сөздермен ауыстырылсын; 3) он екінші абзацтағы: "қол қойылған есеп көшірмесі" деген сөздер "қол қойылған есеп көшірмесі" деген сөздермен ауыстырылсын; "жатады" деген сөздер "жатады" деген сөздермен ауыстырылсын; 4) мынадай мазмұндағы он екінші-он үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Жеке балансы мен банк шоты бар өзге де құрылымдық бөлімшелер үшін филиалдар мен өкілдіктер табыс салығын төлеуді олардың орналасқан жері бойынша тиісті бюджеттерге жүзеге асырылады. Бұл ретте, бас ұйым аталған құрылымдық бөлімшелердің орналасқан жері бойынша аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша тиісті салық комитеттерінде табыс салығы бойынша есептерді жүргізу үшін жеке шоттарды ашады.

Жеке баланс пен жеке банк шоты жоқ болған кезде өзге де құрылымдық бөлімшелер үшін табыс салығын төлеу облыстар, Астана, Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне оқшауланған құрылымдық бөлімшелерге келетін жалпы сомадан бас ұйым жүзеге асырады. Бас ұйым Астана, Алматы қалаларының немесе облыстардың аумағында орналасқан аталған құрылымдық бөлімшелер үшін табыс салығы бойынша есептерді жүргізуге облыстар, Астана, Алматы қалалары бойынша тиісті салық комитеттерінде жеке шоттар ашады.";

4) мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Салық жылының аяқталуы бойынша бір уақытта табыс салығы бойынша декларациямен бірге заңды тұлғаның бас ұйымы оларды тіркеу орны бойынша салық органының басшысы қол қойған және мөрмен куәландырылған табыс салығы бойынша бюджетпен есеп айырысулар негізіндегі құрылымдық бөлімшелердің тексеріс актілерін өз тіркеу орны бойынша салық органына беруге міндетті."

26. N 33 Нұсқаулыққа 9-қосымша Төлем көзінен салық сомасын ұстап қалу туралы анықтама мынадай редакцияда жазылсын:

Салық төлеушінің атауы _____ бойынша Салық комитетіне
СТН _____ Тапсыру мерзімі _____
_____ (заңды тұлғаның толық атауы) Іс жүзінде тапсырылды _____
Салықтың сомасын төлем көзінен ұстау туралы АНЫҚТАМА _____
_____ Төлемнің
түрі Төлем Салық Салық сомасы ставкасы сомасы _____

I. Тұрақты
мекемелермен байланысы жоқ, резидент ХХХХ еместерге қазақстандық
көздерден, оның ішінде: а) дивидендтер мен проценттер 15% б) сақтандыру және
кепілдіктерді қайта сақтандыру 5% шарттары бойынша төленетін сақтық
төлемдер в) Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттер 5% арасындағы
Халықаралық байланыстағы немесе тасымалдаудағы телекоммуникациялық және
көліктік қызмет үшін г) роялти жөніндегі, қызмет көрсету кірістері, 20% басқару
жөніндегі қызметті қоса, кеңес беру қызметтері, жалға беру, тағы басқалар
жөніндегі (29-бапқа сәйкес ставкалар бойынша алынатын, еңбек ақы төлеу
түрінде жүргізілетін төлемдерден басқа) II. Қызметкерлердің тікелей және
жанама салықтары 15% болып табылатын төлемдер III. Шаруашылық
субъектісінің қызметкері болып 29-бапта саналмайтын және кәсіпкерлік
қызметпен байланысы жоқ көзделген жеке тұлғаларға төлемдер ставка бойынша
IV. Кәсіпкерлік қызметтің субъектісі ретінде алынады тіркелмеген жеке
тұлғаларға төлемдер Барлығы: - ұсталғаны; - аударылғаны _____

_____ Салық төлем
жасалған ай біткен соң бес күннің ішінде бюджетке аударылады Кәсіпорынның (_____
бірлестіктің, ұйымның басшысы) _____ (қолы) Бас
бухгалтер Бөлім бастығы _____

_____ (қолы) (қолы) Келісілді Бекітілді Қазақстан Республикасының
Қазақстан Республикасының Қаржы Министрі Мемлекеттік кіріс Министрі 2001
жыл 6 маусым 2001 жыл 26 мамырдағы N 667 бұйрығымен САҚТАНДЫРУ (_____
ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ) ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БЮДЖЕТКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫН
ЕСЕПТЕУІНІҢ ЖӘНЕ ТӨЛЕУІНІҢ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ

Осы Нұсқаулық "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер
туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және өмірін
сақтандыру саласы бойынша қызметін жүзеге асырушы сақтандырушы
ұйымдардың және өмірін, аннуитетін, қайғылы жағдайдан және аурудан
сақтандыру шарттары бойынша олар сақтандыру (қайта сақтандыру) жүргізген

кезде қайта сақтандырушы ұйымдардың кірістеріне табыс салығын салу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

Қызметін жалпы сақтандыру саласы бойынша жүзеге асыратын сақтандырушы (қайта сақтандырушы) органдардың кірістеріне, сондай-ақ салық салу тәртібі осы Нұсқаулықпен реттелмеген қайта сақтандырушы ұйымдардың кірістеріне табыс салығын салу тәртібі "Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын бюджетке есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 33 Нұсқаулықпен а й қ ы н д а л а д ы .

1. Осы Нұсқаулықта қолданылатын ұғымдар

1. Сақтандырушы ұйым (сақтандырушы) - қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген лицензияға сәйкес негізде өмірін, аннуитетін, қайғылы жағдайдан және аурудан сақтандыру шарттарын жасау және орындау бойынша жүзеге асыратын заңды тұлға.

2. Қайта сақтандырушы ұйым (сақтандыру) - қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген лицензия негізіндегі осы Нұсқаулықтың 1-тармағында көрсетілген сақтандырушы ұйымдармен жасалған өмірін, аннуитетін , қайғылы жағдайдан және аурудан сақтандыру шарттары бойынша тәуекелдік қайта сақтандыру шарттарын жасау және орындау бойынша жүзеге асыратын з а ң д ы т ұ л ғ а .

3. Сақтандырылушы - сақтандырушымен сақтандыру шартын жасаушы заңды н е м е с е ж е к е т ұ л ғ а .

4. Қайта сақтандырылушы - қайта сақтандырушымен қайта сақтандыру ш а р т ы н ж а с а у ш ы з а ң д ы т ұ л ғ а .

5. Сақтандыру сыйақылары - сақтандыру (қайта сақтандыру) немесе аннуитет шартымен айқындалған мөлшерде сақтандырылушыға (қайта сақтандырылушыға) сақтандыру төлемін жүргізуге соңғысы міндеттеме алғаны үшін сақтандырылушы (қайта сақтандырылушы) сақтандырушыға (қайта сақтандырушыға) төлеуге міндетті ақша сомасы.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының кірістеріне салық салу т ә р т і б і

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының заңды тұлғаларына табыс салығын салу объектісі болып табылатындар:

1) қызметін өмірді сақтандыру саласы бойынша жүзеге асыратын ұйымдардың және өмірді, аннуитетін, қайғылы жағдайдан және аурудан сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) жүргізген кезде

қайта сақтандырушы ұйымдардың салық жылы ішінде алынуға (алынған) жататын сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістер;

2) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген жылдық жиынтық кіріс пен шегерімдер арасындағы айырмашылық сияқты есептелген - салық салынатын к і р і с .

7. Сақтандыру сыйақылары түріндегі кірістер қызметін өмірді сақтандыру саласы бойынша жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының және өмірді, аннуитетін, қайғылы жағдайдан және аурудан сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) жүргізген кезде қайта сақтандыру ұйымдарының салық жылы ішінде алынуына (алынған) жататын сақтандыру сыйақы сомаларын , сондай-ақ жасалған жинақтаушы сақтандыру (аннуитет) шарты бойынша сақтандыру сыйақыларын төлеу үшін сақтандырушы ұйымдарға бағытталған жинақтаушы зейнетақы қорларындағы зейнетақы төлемдерін өзіне қосады.

Осы тармақта көрсетілген кірістер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жылдық жиынтық кірісіне қосылмайды.

8. Осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көрсетілген кірістер мен инвестициялық кірістерден басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының кірістері сақтандырушы (қайта сақтандырушы) ұйымдардың жылдық жиынтық кірісіне қ о с ы л а д ы .

9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының салық салынатын кірісі " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жылдық жиынтық кіріс пен шегерімдер арасындағы айырмашылық сияқты айқындалады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жылдық жиынтық кірісі қызметін өмірді сақтандыру саласы бойынша жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарымен жасалған өмірді, аннуитетін, қайғылы жағдайдан және аурудан сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақыларын есептемегенде жалпы сақтандыру шарттары бойынша сақтандырылушылардан (қайта сақтандырылушылардан) алынуға (алынған) жататын сақтандыру сыйақыларын, сондай-ақ қызметін өмірді сақтандыру саласы бойынша жүзеге асыратын сақтандырушы ұйым алуға (алынған) жататын инвестициялық кірістерді есептемегенде өзге де қызметтерінен түскен кірістерді қоса алғанда "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады.

Шегерілуге жатпайтын шығыстардан басқа, оларды алуға байланысты барлық шығындар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабына сәйкес сақтандырушы (қайта сақтандырушы) ұйымдардың жиынтық жылдық кірісінен шегерілуге жатады.

Сақтандыру ұйымдары аударым сомаларын Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген нормаларға сәйкес сақтандыру резервіне шегеруге құқылы. Өмірді сақтандыру саласындағы шарттар бойынша сақтандыру резервтеріне аударымдар бойынша шегерім жүргізілмейді.

Қызметін өмірді сақтандыру саласы бойынша жүзеге асыратын сақтандыру ұйымымен жасалған өмірді, аннуитетін, қайғылы жағдайдан және аурудан сақтандыру шарттарын қайта сақтандыруды қабылдау жөніндегі аударым сомаларын есептемегенде, сақтандыру ұйымдары Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген нормаларға сәйкес аударым сомаларын сақтандыру резервтеріне шегеруге құқығы бар.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қайта сақтандыру ұйымдарына төлеген сақтандыру сыйақылары өмірді, аннуитетін, қайғылы жағдайдан және аурудан сақтандыру шарттары бойынша жасалған тәуекелді қайта сақтандыру шарттарына сәйкес қайта сақтандыруға жасалған сақтандыру шарттары бойынша тәуекелдің бөлігін беретін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру сыйақылары түріндегі кіріс болып табылмайды.

11. Қызметін өмірді сақтандыру саласы бойынша жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары және өмірді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) жүргізу кезінде қайта сақтандыру ұйымдары инвестициялық кірістерді қоса алғанда, өмірді, аннуитетін, қайғылы жағдайдан және аурудан сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру қызметінен түскен кірістері бойынша және өзге де қызметтерден түскен кірістері, шығыстары бойынша салық салу мақсаттарында бөлек есеп жүргізеді.

12. Қызметін өмірді сақтандыру саласы бойынша жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары және өмірді, аннуитетін, қайғылы жағдайдан және аурудан сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) жүргізген кездегі қайта сақтандыру ұйымдары осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көрсетілмеген кірістер бойынша заңды тұлғалардың табыс салығын "Заңды тұлғалардың табыс салығын бюджетке есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 33 Нұсқаулықпен көрсетілген тәртіппен есептейді және төлейді.

3. Табыс салығын есептеудің және төлеудің тәртібі, ставкалары

13. Осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көрсетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының кірістері алынуға (алынған) сақтандыру сыйақы сомаларынан 2 % ставка бойынша шегерімдер жүзеге асырылмастан табыс салығын салуға жатады. Сақтандыру сыйақысын төлеудің толықтығына қарамастан сақтандыру шарты бойынша салық жылындағы сақтандыру сыйақыларының барлық сомасы кіріске қосылады.

14. Осы Нұсқаулықтың 9-тармағында көрсетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының салық салынатын кірісі 30 % ставка бойынша табыс салығын салуға жатады.

15. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары кірістерінен табыс салығын сақтандыру сыйақысы түрінде ағымды айдың 20 күнінен кешіктірмей ай сайын, салық қызметі органдарына хабарланған салық жылындағы болжамды табыс салығының сомасынан 1/12 бөлігінен шығып төлейді.

16. Филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары олардың тұрған орны бойынша тиісті бюджетке, болмаса, Астана, Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе облыстық бюджеттерге өзінің филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері үшін табыс салығын төлеуді жүзеге асырады.

17. Заңды тұлғалардың табыс салығын төлеу сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тіркелген орны бойынша жүргізіледі. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзінің тіркелген орны бойынша салық органына осы Нұсқаулықтың 2 қосымшасында белгіленген нысан бойынша тиісті салық жылының 20 қаңтарына дейін ай бойынша бөлінген табыс салығының болжамды сомасы туралы анықтама беруге міндетті.

18. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы Нұсқаулықтың 9-тармағында көрсетілген кірістері бойынша "Заңды тұлғалардың табыс салығын бюджетке есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 33 Нұсқаулықтың 63-тармағымен көзделген тәртіпте аванстық төлем төлейді.

19. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары өзінің филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері үшін төленуге тиісті табыс салығының сомасын "Заңды тұлғалардың табыс салығын бюджетке есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 33 Нұсқаулықтың 6 қосымшасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

20. Осы Нұсқаулықтың 7 және 9-тармақтарында көрсетілген кірістер жөніндегі табыс салығы бойынша соңғы есеп айырысу және төлеу тиісті декларация бергеннен кейінгі 10 күннің аяқталуы бойынша, бірақ есеп беруден кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей жүргізіледі.

4. Табыс салығы бойынша есеп айырысу

21. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көрсетілген кірістері бойынша осы Нұсқаулықтың 3 қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей тоқсан үшін есептелген табыс салығы бойынша есеп береді.

Филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері үшін бас ұйымдарының тіркелген орны бойынша салық органына тоқсан үшін төленуге тиісті табыс салығы бойынша есеп беру де осы мерзімдерде ұсынылады.

Филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері үшін тоқсанда төленуге тиісті табыс салығы бойынша есеп беру "Заңды тұлғалардың табыс салығын бюджетке есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 33 Нұсқаулықтың 6 А қосымшасында белгіленген нысан бойынша жасалады.

22. Есеп беру тоқсанында берілген есеп айырысу бойынша төленуге (төленген) тиісті табыс салығының сомасы ай сайынғы төлемдерге енгізілген сомадан артқан жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы артқан соманы ай сайынғы төлем төлеу мерзімі басталғанға дейін төлейді.

Ай сайынғы төлемдерге енгізілген сомалар төленуге тиісті табыс салығының сомасынан артқан жағдайда, артық төленген сома ескеріледі немесе қолданыстағы заңдарға сәйкес салық төлеушіге қайтарылады.

5 . Д е к л а р а ц и я б е р у

23. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы салық жылының қорытындысы бойынша өзінің тіркелген орны бойынша салық органына есеп беруден кейінгі жылдың 31 наурызына дейін барлық кірістер бойынша декларация беруге м і н д е т т і .

Осы Нұсқаулықтың 9-тармағында көрсетілген кірістер бойынша декларация " Заңды тұлғалардың табыс салығын бюджетке есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 33 Нұсқаулықтың 100 нысанында белгіленген нысан бойынша беріледі.

Сақтандыру (қайта сақтандырушы) ұйымы осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көрсетілген кірістері бойынша осы Нұсқаулықтың 1 қосымшасында белгіленген нысан бойынша салық жылының қорытындысы бойынша декларация береді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы салық жылының аяқталуы бойынша өмірді сақтандыру саласындағы шарттар бойынша сақтандыру сыйақысы түріндегі кірістері туралы декларациямен бір уақытта өзінің тіркелген орны бойынша салық органына құрылымдық бөлімшенің табыс салығы бойынша бюджетпен есептесу жөнінде олардың тіркелген орны бойынша салық органы басшысының қолы қойылған және мөрімен расталған салыстыру актісін беруге м і н д е т т і .

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
кіріс министрлігінің Нұсқаулығына 1 қосымша

20__ жылға өмірді сақтандыру саласындағы шарттар бойынша сақтандыру сыйақысы түріндегі кірістер туралы ДЕКЛАРАЦИЯ Атауы _____
СТН-і _____ Мекен-жайы _____
Банкі _____ Аудан _____ Банктік
кала/облыс _____ шоты _____ Декларация _____
кезекті _____ алғашқы _____ таратылушы _____
N Көрсеткіштер Барлығы р/р _____

1 Сақтандырушы сыйақы түріндегі кірістер, барлығы соның ішінде: - өмірді - аннуитетін..... - қайғылы жағдайдан және аурудан сақтандырудан..... 2 Салық ставкасы 3 Есептелген салық 4 Нақты төленгені 5 Артық төленген сомасы 6 Төленетін салық 7 Айыппұл санкциялары 8 Салық пен айыппұл санкцияларының барлығы 9 Алдағы төленетін есептің артық төленген сомасы 10 Қайтарылатын артық төленген сома _____

Ескерту. Декларация мемлекеттік уәкілетті орган айқындаған тиісті қосымшалармен бірге беріледі. Салық Төлеушінің Заң Алдындағы Жауапкершілігі Салық Органы Біз осы декларацияда келтірілген мәліметтердің растығына және толықтығына Заң алдында жауапкершілік аламыз Басшы _____
Декларацияны қабылдап (аты-жөні) (қолы) алған тұлға _____
(аты-жөні) Бас бухгалтер _____ (аты-жөні) (қолы) МО
Күні "___" _____ 20__ жыл Күні "___" _____ 20__ жыл
Декларацияны толтыру _____ бойынша қызмет көрсеткен (қолы) аудитор _____
(аты-жөні, СТН-і) _____ (қолы

, мөрі) Декларацияға 1а қосымшасы 1-тарау. Нақты төленген сомалар бойынша есеп беру _____

Нақты төленгені (декларацияның 4 жолына көшіріңдер) Соның ішінде: - өткен салық жылынан алынған артық төлемдер - ағымды жылда төленгені _____

2-тарау. Айыппұл санкциялары бойынша есеп беру _____

Айыппұл санкциялары (декларацияның 7 жолына көшіріңдер), Соның ішінде: - мерзімі өткен салық төлемдері бойынша өсімақылар - декларацияны уақытында бермегені үшін айыппұл - салықты және ағымды төлемдерді төмендеткені үшін айыппұл - басқалары _____

3-тарау. Артық төлем сомаларын алдағы төлемдер есебіне көшіру _____

Артық төлем сомалары (декларацияның 7 жолына

көшіріндер), Соның ішінде: - кезеңдегі табыс салығы бойынша - кезеңдегі ҚҚС бойынша - кезеңдегі басқа да салықтар бойынша _____

ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ

САЛАСЫНДАҒЫ ШАРТТАР БОЙЫНША САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ ТҮРІНДЕГІ КІРІС ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯНЫ ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ АТАУЫ, ТҰРАТЫН ЖЕРІ

Атауы. Баспа әріптерімен жазыңыз немесе заңды тұлғаның ресми атауын (Жарғыда немесе өзге де құрылтайшы құжатта көрсетілгендей) басып шығыңыз. Тұратын жері. Салық төлеушінің мекен-жайы: көшесінің атауы, үйінің нөмірі. Ауданы (облыстық бағыныстағы қалалар үшін - қала), облысы (Астана, Алматы қалалары үшін - қала). Ескерту. Егер декларация бергеннен кейін мекен-жайы өзгерсе, салық төлеуші өзінің жаңа мекен-жайын салық органына хабарлауға міндетті. САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ТІРКЕУ НӨМІРІ (СТН) Салық қызметі әрбір салық төлеушіге барлық салықтарға қатысты қолданылатын, декларацияда және барлық қосымшаларда көрсетілетін тіркеу нөмірін береді. БАНК АТАУЫ ЖӘНЕ БАНКТИК ШОТТАРЫ Егер салық төлеуші бірнеше банктердің қызметін пайдаланса, барлық банктерінің атаулары және шоттарының нөмірлері көрсетіледі. АЛҒАШҚЫ, КЕЗЕКТІ, ТАРАТЫЛУШЫ ДЕКЛАРАЦИЯЛАР

Егер заңды тұлға тіркелгеннен кейінгі бірінші болып табылатын декларация берілсе, онда салық төлеуші "алғашқы декларация" деген ұяны белгілейді; заңды тұлға таратылған, қызметін аяқтаған немесе тоқтатқан кезде "таратылушы декларация" деген ұя белгіленеді. Қалған жағдайларда "кезекті декларация" деген ұя белгіленеді. 1 ЖОЛ. САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ ТҮРІНДЕГІ КІРІСТЕР Салық төлеушінің өмірді, аннуитетін, қайғылы жағдайдан және аурудан сақтандыру саласы бойынша алынған және алынуға жататын сақтандыру сыйақыларының жалпы сомасы көрсетіледі. 2 ЖОЛ. САЛЫҚ СТАВКАСЫ Алынуға (алынған) сақтандыру сыйақыларының сомасынан 2 проценттік мөлшердегі салық ставкасы көрсетіледі. 3 ЖОЛ. ЕСЕПТЕЛГЕН САЛЫҚ 1 және 2 жолдардағы шығармалар сияқты айқындалады. 4 ЖОЛ. НАҚТЫ ТӨЛЕНГЕНІ Декларацияның 1а қосымшасының 1-тарауындағы соманы енгізіңіз. 5 ЖОЛ. АРТЫҚ ТӨЛЕНГЕН СОМА Егер 4 жолда көрсетілген сома 3 жолда көрсетілген сомадан артық болса, онда одан 3 жолдағы соманы шегеру керек. Алынған оң нәтиже есептелген салыққа артық төленген сома болып табылады. 6 ЖОЛ. ТӨЛЕНЕТІН САЛЫҚ Егер 4 жолда көрсетілген сома 3 жолда көрсетілген сомадан аз болса, онда оны 3 жолдағы сомадан шегеру керек. Алынған нәтиже сіздің бюджет алдындағы салықтық міндеттемеңіздің сомасы болып табылады. 7 ЖОЛ. АЙЫППҰЛ САНКЦИЯЛАРЫ Декларацияның 1а қосымшасының 2-тарауындағы есептелген айыппұл санкцияларының сомасы көрсетіледі. 8 ЖОЛ. БАРЛЫҚ САЛЫҚТАР ЖӘНЕ АЙЫППҰЛ

САНКЦИЯЛАРЫ Табыс салығы мен төленуге тиісті айыппұл санкцияларының жалпы сомасы сияқты айқындалады. 9 ЖОЛ. АЛДАҒЫ ТӨЛЕМДЕР ЕСЕБІНЕ АРТЫҚ ТӨЛЕНГЕН СОМАЛАР Табыс салығы, ҚҚС және декларацияның 1а қосымшасының 3-тарауындағы басқа да салықтар бойынша алдағы төленетін төлемдер есебіне енгізілген артық төленген сомалар көрсетіледі. 10 ЖОЛ. ҚАЙТАРЫЛАТЫН АРТЫҚ ТӨЛЕНГЕН СОМАЛАР Осы сомаларды алу үшін 5 жолда көрсетілген нәтижеден 9 жолда көрсетілген соманы шегеру қажет. Алынған нәтиже табыс салығы бойынша артық төленген сияқты қайтарылуға жататын сома болып табылады. САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ Берілген декларациялардың шындығы және мәліметтердің толықтығы үшін басшыға немесе уәкілетті тұлғаға және бас бухгалтерге (егер штатта бас бухгалтердің қызметі болмаса, бухгалтерге), сондай-ақ декларацияны жасау жөніндегі жұмысқа тартылған аудиторға жауапкершілік жүктеледі.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
кіріс министрлігінің Нұсқаулығына 2 қосымша

_____ (салық төлеушінің тіркеу нөмірі) (ауданы, қаласы) _____
_____ бойынша Салық комитеті (салық төлеушінің толық атауы)
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының 200__ жылға сақтандыру сыйақыларынан алынатын табыс салығының болжамды сомасы туралы АНЫҚТАМА 1. Өмірді, аннуитетін, қайғылы жағдайдан және аурудан сақтандыру шарттары бойынша алынуға (алынған) жататын сақтандыру сыйақыларының болжамды сомасы _____ мың теңге 2. Өмірді, аннуитетін, қайғылы жағдайдан және аурудан сақтандыру шарттары бойынша жүзеге асырылатын қызметтен алынуға (алынған) жататын сақтандыру сыйақысының болжамды сомасы айларға бөлгенде _____
_____ Қаң. Ақ. Нау. Сәуір
Ма. Мау. Шілде Тамыз Қыр. Қазан Қара. Желтоқ. Бар. тар пан рыз мыр сым күйек ша сан лығы _____
_____ 3. Айлар бөлігіндегі төленуге тиісті табыс салығының сомасы _____
_____ Қаң. Ақ. Нау. Сәуір Ма. Мау. Шілде Тамыз Қыр. Қазан Қара. Желтоқ. Бар. тар пан рыз мыр сым күйек ша сан лығы _____
_____ Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшысы _____ (аты-жөні) (қолы) Бас бухгалтер _____ (аты-жөні) (қ о л ы)
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

(салық төлеушінің тіркеу нөмірі) (ауданы, қаласы) _____
_____ бойынша Салық комитеті (салық төлеушінің толық атауы) 20 _____ үшін (кезеңін көрсетілсін) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары алған табыс салығының ЕСЕБІ _____

Көрсеткіштер Мың теңге _____
_____ 1. Сақтандыру сыйақысының сомасы 2. Табыс салығының ставкасы (%) 3. Төленуге тиісті табыс салығының сомасы 4. Нақты төленгені 5. Қосымша төленуге тиісті табыс салығының сомасы 6. Қайтарылуға тиісті табыс салығының сомасы _____

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ЗАҢ
АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ САЛЫҚ ОРГАНЫ Біз осы декларацияда келтірілген мәліметтердің растығына және толықтығына Заң алдында жауапкершілік аламыз Басшы _____ Декларацияны қабылдап (аты-жөні) (қолы) алған тұлға _____ Бас бухгалтер _____ (аты-жөні) (аты-жөні) (қолы) Күні " ____ " _____ 20 ____ жыл МО Күні " ____ " _____ 20 ____ жыл _____ (қолы) Декларацияны толтыру бойынша қызмет көрсеткен аудитор _____ (аты-жөні, СТН-і) _____

_____ (қолы, мөрі) ЕСКЕРТУ. 1. 1 жолдың бойында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру сыйақыларының сомасы көрсетіледі.

2. 2 жолдың бойында алынуға (алынған) тиісті сақтандыру сыйақыларының сомаларынан 2 проценттік мөлшердегі табыс салығының ставкасы көрсетіледі. 3. 3 жол бойында есеп беру кезеңі үшін төленуге тиісті табыс салығының сомасы көрсетіледі. 4. 4 жол бойында салық төлеуші енгізген аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі. 5. 5 жол бойында төленуге тиісті табыс салығының сомасы мен нақты төленген сома аралығындағы оң айырмашылық ретінде айқындалатын, бюджетке қосымша төленуге тиісті табыс салығының сомасы көрсетіледі. 6. 6 жол бойында төленуге тиісті табыс салығының сомасы мен нақты төленген сома аралығындағы теріс айырмашылық ретінде айқындалатын салық төлеушіге қайтарылуға тиісті табыс салығының сомасы көрсетіледі. Мамандар: Омарбекова

А . Т .

Ш а р и п о в а

М . Е .

